



Республикалық қашықтықтан
өткізілетін олимпиадалар
орталығы
Республиканский центр
дистанционных
олимпиад



**«Республикалық қашықтық
олимпиадалар орталығы»
ЖШС директорының
08. 06. 2021 жылғы
№10 бұйрығымен бекітілген**

ЕРЕЖЕ

«Точка роста» атты халықаралық қашықтық олимпиадасын өткізу туралы

Балалардың жалпы ой – өрісін кеңейту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды жандандыру, сондай – ақ балаларға мектеп шегінен шығатын ауқымда өзара білім бойынша жарысуға мүмкіндік беру мақсатында "Республикалық қашықтық олимпиадалар орталығы" ЖШС (әрі қарай - Ұйымдастырушы) "Точка роста" Халықаралық қашықтық олимпиадасының (әрі қарай - Олимпиада) өтуін қамтамасыз етуді өзіне жүктейді және Олимпиаданы өткізу туралы осы Ережені бекітеді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Олимпиаданың ұйымдастырушысы және құрылтайшысы – «Республикалық қашықтық олимпиадалар орталығы» ЖШС.

1.2. Осы Ереже Ұйымдастырушы тарапынан қандай да бір арнайы хабарламасыз бір жақты тәртіппен өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

2. Олимпиадаға қатысу шарттары

2.1. Олимпиадаға алдын ала іріктеусіз жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың кез-келген білім деңгейі бар 1-11 сынып оқушылары, колледждердің, техникумдардың және жалпы орта білім беретін мектептердің бағдарламалары бойынша айналысатын басқа да мекемелердің оқушылары, сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілері жіберіледі.

2.2. Олимпиаданы өткізу регламенті:

Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары, сондай-ақ колледждер мен техникумдардың 1-2 курс студенттері үшін Олимпиада бейіндер бойынша өткізіледі:

Гуманитарлық бағыт: қазақ тілі (таңдау: ТМД елдерінің қатысушылары үшін - әдебиет), Орыс тілі, ағылшын тілі.

Физика-математикалық бағыт: математика, физика, информатика.

Жаратылыстану ғылымдары бойынша бағыт: география, химия, биология.



Республикалық қашықтықтан
өткізілетін олимпиадалар
орталығы

Республиканский центр
дистанционных
олимпиад



1-7 сынып оқушылары үшін Олимпиада келесі пәндер бойынша өткізіледі: математика (1-7 сыныптар), қазақ тілі (1-7 сыныптар), орыс тілі (1-7 сыныптар), ағылшын тілі (1-7 сыныптар), биология (5-7 сыныптар), физика (7 сыныптар), география (5-7 сыныптар), қазақстан тарихы (5-7 сыныптар), информатика (5-7 сыныптар).

Мектепке дейінгі ұйымдардың оқушылары үшін:

«Біз әріптермен дос боламыз» олимпиадасы, «Біздің досымыз – бағдаршам» олимпиадасы, «Жануарлар әлемінде» олимпиадасы, «Біздің табиғат» олимпиадасы.

2.3. Олимпиада қашықтықтан өткізіледі.

2.4. Олимпиадаға қатысу үшін <https://rcdo.kz> сайтында өтініш қалдыру қажет. Оқушы өз бетінше де, сонымен қатар мұғалімі де өтініш бере алады, оқушының ата-анасы (ата-анасы/қамқоршысы/мұғалімі) сайттағы "Жеке кабинет" жүйесінде тіркеліп, қатысуға өтініш беруі керек.

2.5. Қатысушылар білім алып жатқан сыныптарына сай бағытты таңдау қажет. Халықаралық олимпиадаға қатысу үшін Халықаралық олимпиада шеңберінде өтетіні көрсетілген пәнді таңдау қажет. Егер сіз "халықаралық олимпиада" белгісі жоқ пәнді таңдасаңыз, сіз автоматты түрде оқушылар арасындағы республикалық олимпиаданың қатысушысы болатындығыңызды назарыңызға саламыз. Пәндердің тізімі 2.2-тармақта көрсетілген.

2.6. Олимпиада өту уақыты барысында қатысушы шексіз түрде өтінім бере алады және бір емес бірнеше пәндер бойынша қатыса алады.

2.7. Өтінім берген кезде енгізілетін деректер автоматты түрде марапаттау материалына ауыстырылады. Қатысушы енгізілген деректердің дұрыстығы, толықтығы және нақтылығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

2.8. Олимпиадаға қатысу үшін ұйымдастыру жиыны:

- Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары, сондай-ақ колледждер мен техникумдардың 1-2 курс студенттері үшін Олимпиада бейіндер бойынша өткізіледі. Бейін 3 пәннен тұрады, бір бейін бойынша бір қатысушының қатысуы 1500 теңгені құрайды.
- 1-7 сынып оқушылары үшін Олимпиада пәндер бойынша өткізіледі. Бір пән бойынша бір қатысушының қатысу құны - 500 теңге.
- Мектепке дейінгі ұйымдардың оқушылары үшін бір олимпиадаға бір қатысушының қатысу құны 500 теңгені құрайды.

Төлем валютасы - қазақстандық теңге.

2.9. Қатысушы өтінім берген кезде Олимпиада сайтында көрсетілген мүмкін тәсілдердің бірімен ұйымдастыру жарнасын енгізеді. Қатысушының олимпиадаға қатысуға төлеген ақша қаражаты оның олимпиадаға қатыспаған



Республикалық қашықтықтан
өткізілетін олимпиадалар
орталығы
Республиканский центр
дистанционных
олимпиад



жағдайында, ұйымдастыру тарапынан қателіктер кетпеген жағдайда, қайтарылмайды.

2.10. Егер қатысушы өтінім берген кезде деректерде (тегі, аты, мектеп атауы және т.б.) қате жіберсе, ұйымдастырушы марапаттау материалдарында қателіктер жіберуге жауапты болмайды.

3. Олимпиада қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

3.1. Олимпиадаға қатысушы құқылы:

3.1.1. Осы Ережемен белгіленген шарттар бойынша конкурсқа қатысуға, ұйымдастырушы тарапынан ұсынылған тиісті жеңілдіктерді пайдалануға (Ереже талаптарын сақтаған жағдайда);

3.1.2. Олимпиаданы өткізу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;

3.1.3. Олимпиаданың өтуіне байланысты проблемалық мәселелерді шешу үшін Олимпиаданы Қолдау қызметіне хабарласуға.

3.1.4. Олимпиаданың қорытындылары бойынша әр Қатысушыға тиісті мақтау қағазын, сондай-ақ мұғалімге арналған марапаттау материалын (Олимпиадаға қатысушыны дайындағаны үшін грамотаны) алуға.

3.2. Конкурсқа қатысушы міндетті:

3.2.1. <https://rcdo.kz> сайтында өтінімді толтыру кезінде мұғалім мен қатысушылар туралы нақты және дұрыс мәліметтерді көрсетуге;

3.2.2. Осы Ережеде белгіленген шарттарды, рәсімдерді және мерзімдерді сақтауға, сондай-ақ берілген өтінімге сәйкес сомада конкурсқа қатысу үшін ұйымдастыру жарнасын төлеуге.

3.2.3. Олимпиаданы қолдау қызметіне жүгінген кезде қарым-қатынас этикасын сақтауға. Ұйымдастырушы тарапынан балағат сөздер, дөрекі және қорлайтын сөздер жазылған хаттарға жауап бермеуге құқылы.

4. Конкурсты ұйымдастырушының құқықтары мен міндеттері

4.1. Ұйымдастырушының құқылы:

4.1.1. Егер қатысушының әрекеттері алаяқтық сипатқа ие болса және/немесе ұйымдастырушының беделіне теріс әсер етсе және/немесе Олимпиаданың басқа қатысушыларының құқықтарын бұзса, олимпиададан шеттетуге;

4.1.2. Олимпиаданы Қолдау қызметіне дөрекі және қорлайтын сөздер жазылған хаттарға жауап бермеуге;

4.1.3. Осы Ережеге қандай да бір арнайы хабарламасыз біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге.

4.2. Ұйымдастырушы міндетті:

4.2.1. Олимпиаданың барлық қатысушылары үшін тең жағдай жасауға;



Республикалық қашықтықтан
өткізілетін олимпиадалар
орталығы

Республиканский центр
дистанционных
олимпиад



- 4.2.2. Қатысушы тарапынан өтінім түскеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде оған Олимпиададан өту үшін тест материалдарын ұсынуға;
- 4.2.3. Осы Ережеге сәйкес олимпиаданы өткізуге, оның ішінде балаларға арналған тапсырмаларды дайындауға және Олимпиаданың қорытындыларының шығуын қамтамасыз етуге.

5. Конкурсты өткізу тәртібі

- 5.1. Олимпиадаға қатысуға өтінім беру 2021 жылғы 8 маусымнан 8 шілдеге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.
- 5.2. Өтінімді алғаннан және төлегеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде ұйымдастырушы қатысушыға Олимпиададан өту үшін тест тапсырмаларын жібереді.
- 5.3. Қатысушы жауап парағын толтырып, оны ұйымдастырушыға 7 жұмыс күні ішінде электронды пошта арқылы жіберуі қажет. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен жауаптарды ұйымдастырушы қабылдамайды. Жауап парағын электронды түрде толтыруға немесе басып шығарып алып толтырып, сканерлеп жіберуге болады.
- 5.4. Балалардың жастық ерекшелігіне сай тапсырмалары жасалынған. Балалар Олимпиада тапсырмаларын өз бетінше де, мұғалім немесе ата-ананың көмегімен де орындап, жауаптарды толтыра алады.
- 5.5. Олимпиаданың нәтижелері, қатысушылар мен мұғалімдерге арналған мақтау қағаздары қатысушыдан жауап парағы алынғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде электрондық поштаға жіберілетін болады.

6. Олимпиаданы қорытындылау және марапаттау

- 6.1. Байқауға қатысатын әрбір бала ұйымдастырушыдан электронды түрде ынталандыру сыйлығын алады.
- 6.2. Конкурс жеңімпаздары 1-ші, 2-ші, 3-ші дәрежелі дипломдармен, қалған балалар олимпиадаға қатысқандығын куәландыратын сертификаттармен электронды түрде марапатталады.
- 1-дәрежелі Диплом қате жібермеген балаға беріледі;
2 дәрежелі Диплом 1 қате жіберген балаға беріледі;
3-ші дәреже 2 қате жіберген балаға беріледі.
- Қатысу туралы Сертификат 3 және одан да көп қате жіберген қалған балаларға беріледі.
- 6.4. 1, 2, 3 орын алған оқушыларды дайындаған мұғалімдер "Точка роста" Халықаралық олимпиадасының жеңімпаздарын дайындады деген мақтау қағаздарымен марапатталады.
- 6.5. Марапаттау материалдары пошта арқылы жіберілмейді.